

ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

4-БЕТ | АССАМБЛЕЯ



КӨШ КЕРУЕНМЕН КЕЛГЕН САЗ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Біз бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз керек. Бұл – ең алдымен, ұлтымыздың сапасы, яғни азаматтарымыз заманауи, озық ойлы, жасампаз болуы қажет деген сөз. Қазіргі аса күрделі, құбылмалы және қарама-қайшылыққа толы заманда озық ел болу оңай шаруа емес. Сол себепті біз батыл шешімдер қабылдап, нық сеніммен жарқын болашаққа қарай жүреміз. Сонда ғана осы уақыт халқымыздың сана-сезімінде ұлы бетбұрыс жасаған тарихи кезең болып қалары анық.

№147
(4891)
Сенбі
13 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЕЛОРДА

Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясында елорданың алдағы 5 жылға арналған даму жоспары қабылданды. Стратегиялық құжат аясында бас қаланың дамуын қамтамасыз ететін негізгі басымдықтар айқындалды. Бұл ретте бәсекеге қабілетті қала, адами капиталды дамыту және қолайлы қалалық орта құру бағыттарына айрықша маңыз беріледі.



«Киіз үйді жасау және қолдану дәстүрі» аталымы кеңейеді. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Telegram-дағы парақшасында жазды.

«Үндістанның Нью-Дели қаласында өтіп жатқан ЮНЕСКО үкіметаралық комитетінің 20-сессиясында «Киіз үйді жасау және қолдану дәстүрі» аталымын кеңейту туралы шешім қабылданды. Оны беделді тізімге 2014 жылы Қазақстан мен Қырғызстан енгізген болатын. Бұл киіз үйді әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі ретінде тану мүмкіндігін арттырады және Орталық Азия мұрасының ортақ екенін айғақтайды» деп жазды Мемлекеттік кеңесші.



13-15 желтоқсан аралығында Тәуелсіздік даңғылы, 34 мекенжайында орналасқан «Astana mall» сауда, ойын-сауық орталығында «Ұлы дала қолөнершілер керуен көші» республикалық қолөнер жәрмеңкесі өтеді.

Тәуелсіздік күні мерекесі аясында өтетін жәрмеңкеде қазақтың төл қолөнер туындыларының көрмесі, ұлттық стильдегі сән көрсетілімі, танымал қолөнершілер мен дизайнерлердің қатысуымен шеберлік сабақтары, этномәдени бағдарлама және авторлық бұйымдарды сатып алу мүмкіндігі ұсынылады. Жәрмеңке сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін өтеді. Кіру тегін.

КЕШЕ ҚАЛА БОЙЫНША ҚАР КҮРЕУ ЖҰМЫСЫНА **3 000** ЖОЛ ЖҰМЫСШЫСЫ МЕН ШАМАМЕН **1 400** АРНАЙЫ ТЕХНИКА ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ.

MILANO CORTINA 2026

Елордалық екі спортшы 2026 жылдың 6-22 ақпан аралығында Италияда өтетін XXV қысқы Олимпиада ойындарына жолдама ұтып алды.

Жақында ғана шорт-тректен өткен әлемдік турдың қорытындысы шығып, нәтижесінде Қазақстан құрамасы 9 Олимпиада лицензиясын ұтып алды. Шорт-трек жарысында бақ сынайтын спортшылардың қатарында астаналық Абзал Әжіғалиев бар. Ол өзінің спорт мансабындағы төртінші Олимпиада ойындарына қатыспақ. Сондай-ақ осыған дейін әлем чемпионатында үздік өнер көрсеткен елордалық мәнерлеп сырғанаушы Софья Самоделкина да Италияда ел намысын қорғайды. Жалпы әзірге Қазақстан ұлттық құрамасынан 6 спортшы Олимпиада ойындарына жолдама алып қойды. Лицензиялық жарыстар алдағы қаңтар айының соңына дейін жалғасады.

№147 (4891) 13/12/2025 Сенбі





МҮДДЕЛІ ЕЛДЕРДІҢ ЖАСАМПАЗ СЕРІКТЕСТІГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы мен Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығына арналған форумға қатысты. Жиынның алдында Қазақстан Президенті Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен кездесіп, келіссөз жүргізіп, екіжақты даму келешегін талқылады. Сондай-ақ мемлекеттер басшылары өзара сауда көлемін арттыру, экономикалық байланыстарды күшейту, энергетика, көлік-логистика және ауыл шаруашылығы салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелерін қарастырды.

ТЕҢГЕРІМСІЗ ТӘРТІП ОРНАМАЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев түрікмен халқының Ұлт көшбасшысы Гурбангулы Бердімұхамедов пен Президент Сердар Бердімұхамедовті Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығымен құттықтады. Мемлекет басшысы Түрікменстанның саяси ұстанымы тұтас Еуразия құрлығының тұрақтылығы мен орнықты дамуына елеулі үлес қосқанын атап өтті. Аталған форумда көтерілген бастамалар XXI ғасырдағы бейтараптықтың мән-маңызына жаңаша көзқарас қалыптастырады.

Қазақстан Президенті Түрікменстанның бейтарап саяси ұстанымы түрікмен халқының сан ғасырлық мәдени дәстүрімен және рухани құндылықтарымен үйлесетінін айтты. «Түрікмен классикалық әдебиетінің негізін қалаушы, Шығыстың көрнекті ойшылы Мақтымқұлы Пырағы: «Тыныштық болса ел өседі, әділдік болса сенім күшейеді» деген. Ұлы данышпанның дүниені терең таныған идеялары қазіргідей алмағайып халықаралық жағдайда да өте өзекті бола түскені сөзсіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясы қолдаған Ашхабадтың Халықаралық бейбітшілік және сенім жылын жариялау туралы бастамасы ерекше мәнге ие болғанын жеткізді. Президент еліміз осы маңызды қарарды қуаттағанын айта келіп, бейбітшілік пен келісім Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясының іргетасы саналатынына назар аударды. «Жекелеген кикілжіңдердің реттелгеніне қарамастан, әлемдегі жалпы ахуал әлі де ушығып тұр. Адамзат өзара сенім, толеранттылық, орнықты даму үшін бейбітшілік пен ынтымақтың маңызын түсіну секілді іргелі факторларға зәру. Сонымен қатар кейбір күмәнді ережелер алға шығып, халықаралық құқықтың әлсірей бастағаны, көпжақты құрылымдардың, ең алдымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі мен тиімділігінің төмендегені өкініш тудырады. Стратегиялық теңгерімді қалпына келтірмей, әлемде әділ тәртіп орнату мүмкін емес. Сондықтан халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздік сөз күйінде қалып, көпжақты форумдардың қарарлары мен келіссөздердегі ізгі тілек ретінде ғана көрініс табады. Сол себепті Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына жан-жақты реформа жүргізуді, соның ішінде Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын кеңейтіп, Бас Ассамблеяның рөлін нығайтуды қолдайды. Бас Ассамблеяның 80-сессиясы аясында мен БҰҰ жүйесін реформалау жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу үшін пікірлестер тобын құру идеясын көтердім» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің ауқымды диалогты бастауы, ірі державалардың саяси ерік-жігер көрсетуі өте маңызды деп санайды. Мемлекет басшысы еліміз Түрікменстан Президентінің БҰҰ бейбітшілік және бейтараптық университетін ашу жөніндегі бүгінгі ұсынысын қолдайтынын айтты. «Қазірдің өзінде жаһан жік-жікке бөлінуден, тіпті ядролық соғыстан бас тартып, бейбітшілік, сенім, ынтымақ секілді құндылықтарды басшылыққа алған кезде әлемде әділетті және орнықты тәртіп орнатуға болатыны белгілі болды. Осы орайда еліміз Украинадағы қақтығысты реттеу бойынша келіссөз процесінің жандануына қолдау білдіреді. Ресей мен АҚШ президенттерінің Анкоридждегі кездесуінен кейін бейбітшілік пактісінің негізгі ережелері белсенді талқылана бастады. Бұл көптен күткен бітімге келу мүмкіндігін жақындатты» деді Президент.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҮЙЛЕСТІРЕТІН ПЛАТФОРМА

Мемлекет басшысы өзге өңірлердегі қақтығысты реттеуге қатысты пікір білдірді. «Таяу Шығыстағы жағдай бойынша келісімге қол қойылуын құптаймыз. Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылу жөніндегі шешімі аталған аймақтағы ахуалды тұрақтандыруға үлес қосу ниетінен туындап отыр. Әйтсе де Қазақстан ұзаққа созылған әскери-саяси дағдарысты түбегейлі реттеудің маңызды факторы ретінде егемен Палестина мемлекетін құру ұстанымын жақтайды. Әзербайжан мен Армения бейбітшілік туралы бірлескен декларацияға қол қойды. Біз мұны тарихи шешім деп санаймыз. Өйткені осы арқылы аталған аймақта және одан тысқары жерлерде сан қырлы ынтымақтастыққа кеңінен жол ашылады. Оңтүстік Кавказдағы тұрақтылыққа кепілдік беретін толық форматты бейбіт келісімшарт таяу арада жасалады деп үміттенеміз» деді ол.

«БЕЙБІТШІЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ»

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміз дінаралық, этносаралық және және мәдениетаралық диалогты нығайтуға айрықша назар аударады. Бұл орайда Президент Қазақстанда 20 жылдан астам уақыттан бері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі ұйымдастырылып келе жатқанын еске салды. «Таяуда Астанада өткен VIII Съезде Қазақстан «Бейбітшілік қозғалысы» деп аталатын бастама көтерді. Бұл шын мәнінде қантөгісті тоқтатуға, келешек ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілікті сезіне отырып, бітімге келу жолын іздеуге үндеу еді. Қазақстан ШЫҰ жұмысына белсене атсалысады. Бұл – Еуразиядағы қауіпсіздік пен сенім шараларын қамтитын, көпжоспарлы әрі конструктивті күн тәртібі бар беделді және табысты ұйым. Жаһандағы прогресс пен тұрақтылықтың негізгі кепілі – орнықты әлеуметтік-экономикалық даму. Геосаяси шиеленістің өршуі, халықаралық санкциялардың көбеюі, сауда тізбегінің бұзылуы, технологиялық бәсеке секілді көптеген фактордың салдарынан әлем экономикасы күрделі сын-қатерлерге тап болды. Жаһандық экономиканың қарқыны бәсеңдеді. Қуанышымызға орай, мұның әсері Орталық Азияға тие қойған жоқ. Барлық елде айтарлықтай өсім байқалады. Мысалы, Қазақстанның экономикалық өсімі биыл 6 пайыздан асты. Ішкі жалпы өнім көлемі 300 миллиард доллар межесін еңсереді. Бұл жан басына шаққанда 15 мың доллардан артық» деді Президент.

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ – КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ


Президент су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше мән беру қажет деп санайды. «Су тапшылығы үлкен проблемаға айналып келеді. Бұл ресурсты сақтау әрі ұқыпты пайдалану – еліміз бен аймақтағы өзге де мемлекеттер үшін стратегиялық, тіпті өмірлік маңызы бар басымдық. Өзге елдерде де солай деп ойлаймын. Трансшекаралық суды пайдалану проблемасын, Арал және Каспий теңіздерінде қалыптасқан экологиялық ахуалды уақыт оздырмай шешу мақсатында тиісті шаралар қабылдау қажет. Біздің пікіріміз-ше, өзара мәмілеге негізделген бірлескен әрекеттер арқылы Халықаралық Аралды құтқару қорының тиімділігін арттыруға болады. Ресей Қор жұмысына байқаушы ретінде атсалысса, бұл іске септігін тигізер еді. Каспий теңізі қазіргідей тартыла берсе, бұл қауіпті құбылыстың экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, тіпті саяси салдары ауыр болуы мүмкін. Қазақстан Каспий экожүйесінің бұзылуы мен теңіздің тартылуының алдын алуға бағытталған арнайы мемлекетаралық бағдарлама әзірлеу туралы бастама көтерді. Барша әлемдік қоғамдастықты осы бірегей су айдынын сақтап қалу жолындағы күш-жігерімізді қолдауға шақырамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің пайымдауынша, жаһандық су дипломатиясын дамытуда мемлекеттер арасындағы ықпалдастықтың маңызы зор. «БҰҰ жүйесінде тек су мәселесімен айналысатын арнаулы құрылым жоқ. Бұл түйткілді тез арада шешкен жөн. Қазақстан Халықаралық су ұйымын құруды ұсынады. Сол арқылы БҰҰ аясындағы түрлі ұйымдардың барлық мандатын бір мақсатқа жұмылдыруға болады. UN-Water ведомствоаралық тетігін БҰҰ-ның толыққанды арнаулы агенттігіне немесе ұйымына айналдыру оңтайлы шешім болар еді. Мұндай бастаманы іске асыру БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттары мен барша халықаралық қоғамдастықтың мүддесіне сай келеді. Келесі жылы сәуір айында Астанада Аймақтық экологиялық саммит өтеді. Аталған жиында Қазақстан жаһандық су ұйымын құру туралы халықаралық консультация процесін бастауға ниетті. Ортақ саяси ерік-жігердің арқасында күн тәртібіндегі судың өзекті мәселелері жүйелі түрде шешіле бастайтынына сенімім кәміл» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті сөзін қорытындылай келе, Ашхабад форумы мүдделі мемлекеттердің жасампаз серіктестігін нығайтуға және әлемде әділетті тәртіп қалыптастыруды көздейтін халықаралық күш-жігерге тың серпін беретініне сенім білдірді.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ИРАН КЕМЕ ҚАТЫНАСЫН ЖАНДАНДЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Қазақстанға ресми сапармен келген Иран Ислам Республикасының Президенті Масуд Пезешкианмен кездесіп, шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.



Қазақстан Президенті Иран басшысымен жүздесуде екі ел арасындағы Каспий теңізіндегі кеме қатынасын жандандыруға шақырып, осы мәселеге бастамашылық жасаған кез келген инвесторға көмектесетінін мәлімдеді. Ал Иран тарапы бұл ұсынысқа қолдау көрсетіп, Оңтүстік Шығыс Азия мен Африка құрлығына шығатын Шахид Раджаи портынан жер телімін берген.

Басқосуда Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Каспий аймағындағы маңызды әрі сенімді серіктес ретінде Иранмен ықпалдастықты нығайтуға мүдделі екенін жеткізді. Келіссөз барысында қос тараптың мүддесіне сай келетін 8 құжатқа қол қойылды. Келісімдерде сауда мен экономика, инвестиция тарту, халықаралық тасымал, мәдени байланыс, медициналық білім беру мәселелері қамтылған. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Масуд Пезешкиан Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

«Қазір Еуропа мен Қытай арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің шамамен 85 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Осы ретте Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізін және Қазақстан – Түрікменстан – Иран теміржол бағытын дамытудың мән-маңызы ерекше. Бұл – екі елдің мүддесіне сай келетін маңызды жоба» деді Мемлекет басшысы.

Иранның Solico Group компаниясы елімізде жылына 200 мың тонна өнім шығаратын сүт комбинатын салады. Бұл жаңалықты Қазақстан-Иран бизнес форумында Қасым-Жомарт Тоқаев жария етті.

Сондай-ақ президенттер Иран архивінен табылған қазақ тарихына қатысты көне жазбалар көрмесін тамашалады. Тегеран елі мұрағаттан алынған 27 қолжазбаның көшірмесін ұсынды. Онда 18-19 ғасырда қазақ даласындағы қоғамдық-саяси оқиғаларға қатысты құнды деректер қамтылған.

№147 (4891) 13/12/2025 Сенбі



АСТАНАНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Кеше Астана қалалық мәслихатының кезекті сессиясында елорданың алдағы 5 жылға арналған даму жоспары қабылданды. Сессия жұмысына елорда әкімі Жеңіс Қасымбек қатысты.

«2026-2030 жылдарға арналған Астана қаласының даму жоспары «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңға және 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарына сәйкес әзірленген. Стратегиялық құжат аясында елорданың өркендеуін қамтамасыз ететін негізгі басымдықтар айқындалды. Біріншісі, бәсекеге қабілетті қала. Оның аясында инвестиция тарту, бизнеске жағдай жасау, халықтың өмір сүру сапасын көтеру. Екіншісі, адами капиталды дамыту. Яғни білім беру мен денсаулық сақтау саласын жақсарту көзделген. Үшіншісі, қолайлы қалалық орта. Бұл ретте экологияны жақсарту, қауіпсіз әрі ыңғайлы орта қалыптастыру міндеті тұр.

«Астана қаласын дамытудың басты мақсаты – елорданың бірыңғай контурын қалыптастыру, қалалық қызметтер мен ақпараттық жүйелерді тиімді басқаруды қамтамасыз ететін бірыңғай экожүйеге ықпалдастыру» деді құжатты таныстырған Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотов.

Оның айтуынша, қалада бірқатар кластер құрылып жатыр. Оның ішінде инфрақұрылым тартылған және салықтық преференциялары бар арнайы экономикалық аймақ базасындағы өнеркәсіп кластері, көлік-логистика кластері бар. Жалпы алғанда, бұл кластерлердің жалпы өңірлік өнімнің құрылымындағы үлесі соңғы 10 жылда 18 пайыздан 25 пайызға өскен. Ал алдағы 2030 жылға қарай жалпы өңірлік өнім өсімін 2 есеге ұлғайтып, оның көлемін 30 трлн теңгеге жеткізу көзделген. Инвестициялар көлемін жыл сайын орта есеппен 1 трлн теңгеге арттыра отырып, жалпы 26,3 трлн теңге тарту, 2030 жылы оны 6,9 трлн теңгеге жеткізу жоспарда бар. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің экспортын арттыру қарастырылған. Бұдан бөлек, білім беру деңгейін көтеру, медициналық көмектің тиімділігін арттыру және әлеуметтік қолдауды ұйымдастыру мәселелері де шет қалмаған. Білім саласында мектептердің жайлылық деңгейін, оқыту сапасын халықаралық стандарттарға жеткізуге ұмтылу бар. Денсаулық сақтау бағытында мекемелер желісін кеңейту де кезек күттірмейтін бастама.

«Халықты әлеуметтік қорғау бөлігінде арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсету сапасына және инклюзивті орта құруға қойылатын талаптар күшейеді. Қолайлы орта бағыты бойынша көлік, энергетика, коммуналдық шаруашылық, сәулет, құрылыс және экология салалары қамтылған. Даму жоспарында қаланың теңгерімді құрылысы мен көлік ағынын бейімделген түрде басқару, коммуналдық нысандар қуатын арттыру, жалпы экологиялық жағдайды жақсарту және Астананы басқару үдерістерін цифрландыру жөніндегі көзқарас көзделген» деді Евгений Глотов.

Астана қаласының алдағы 5 жылға арналған даму жоспары қабылданғаннан кейін, елорда әкімі Жеңіс Қасымбек сөз сөйледі.

Қала басшысының айтуынша, елорда қарқынды өсіп келеді.

«Жыл сайын қосымша 100 мың адам тіркеледі. Қазір ресми түрде қалада 1,6 млн адам тұрады. Жыл соңында нақты халық саны белгілі болады. Миграциядағы азаматтар күн сайын қалаға 200 мыңға жуық азамат келіп жұмыс істейтінін, оқып, емделетінін айтады. Сондықтан қалада жыл сайын әлеуметтік нысандарды дамыту керек» деді әкім.

Қала басшысы жаңа жұмыс кестесінің көлік кептелісін азайтуға қалай әсер етіп жатқаны жайлы да айтты.

Әкімнің айтуынша, кейінгі күндері елордаға қар мол жауып, спорттық және өзге де іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл қала жолдарында қиындық тудырды.

– Қазіргі ең басты проблема – трафик. Таяу айдың ішінде ЛРТ-ні іске қосамыз. Көптеген жаңа жол салынды. Келесі жылы Тәуелсіздік даңғылын біршама ұзартуды жоспарлап отырмыз. Ол Мәңгілік ел, Тұран, Қабанбай батыр даңғылдарына жүктемені төмендетеді. Негізгі кептеліс Есіл мен Нұра аудандарында көпір бағытында байқалады. Екі жаңа көпір жобаланып жатыр, – деді шаһар басшысы.

Қала басшысы жұмыс кестесін жылжыту да оң әсерін тигізгенін айтты.

– Әкімдіктің жұмысқа 7:30-да, мемлекеттік органдардың 8:00-де шығуы да өз әсерін тигізіп отыр. Сіздермен кездесуде таңертеңгі сағат 8, 9, 10-да қай көшелердің қанша пайызға босағанын айтып беремін. Қазір мұның бәрі 6:30-7:00-де басталатыны рас. Қалай дегенде де, қалалықтар үшін бағдаршам мен аялдамаларды ескергенде, автобус қозғалысының жылдамдығы орташа есеппен сағатына 23-25 шақырымды құрайды. Қазір қазан-қарашамен салыстырғанда жылдамдықтың сағатына 2,3 шақырымға артқанын көріп отырмыз, – деді Жеңіс Қасымбек.



ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

№105 орта мектепте «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының «Esirtkisiz elorda» жобасы аясында жастар арасында нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған идеялар байқауының финалдық кезеңі өтті.

Оған қала мектептерінің оқушылары, колледж және жоғары оқу орындарының студенттері қатысып, жастарды зиянды әдеттерден қорғау, есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыру бойынша өздерінің инновациялық жобалары мен ұсыныстарын таныстырды. Қатысушылардың еңбектерін Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы және құқық қорғау органдарының мамандары бағалады. Нәтижесінде №84 мектеп-лицей оқушысы Әділхан Темірханов, Қазақстан халықаралық лингвистика колледжінің студенті Жасмин Қасенова және «Есіл» университетінің студенті Виктория Выходцеваның қорғаған тақырыптары үздік деп танылып, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталды.

ТАЗАЛЫҚ НАСИХАТШЫЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында және Жұмысшы мамандықтар жылы аясында отандық БАҚ өкілдері мен блогерлер арасында өткен «Таза сана – таза қала» байқауының қорытындысы шықты. «Астана Тазалық» ЖШС ұйымдастырған жарыста жүзден жүйрік атанған жүлдегерлер салтанатты жиында арнайы марапатталды.



Райхан РАХМЕТОВА

Байқау биыл 1 қараша мен 10 желтоқсан аралығында өтіп, оған 122 журналист, блогер және шығармашылық тұлғалар қатысты, 150-ден астам материал келіп түсті.

Салтанатты жиында «Астана Тазалық» ЖШС бас директоры Замир Сагинов Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылының маңызын атап өтті. Биыл аталған мекеменің жұмысы туралы ақпарат кеңістігінде 487 материал жарық көріпті. Соның 370-і қарапайым қызметкерлер туралы болған.

«Биыл байқауға қатысушылар саны өткен жылмен салыстырғанда екі есеге артты. Бұл қоғамда тақырыптың өзектілігі жоғары екенін және бұқаралық ақпарат құралдарының оған белсенді түрде үн қосқанын көрсетеді» деді серіктестік басшысы.

Байқау жұмыстары тақырыптың өзектілігі мен қоғамдағы маңызы, материалдың тереңдігі мен шынайылығы, жазу стилі мен құрылымының сапасы, авторлық көзқарас пен шығармашылық ерекшелігіне қарай бағаланды. Қазылар алқасының құрамында ақпарат саласының танымал өкілдері болды. Атап айтқанда, тәуелсіз комиссия құрамында комиссия төрағасы, «QazaqGaz» ұлттық компаниясы баспасөз қызметінің басшысы Мұхит Ықылас, комиссия мүшелері – Президент баспасөз хатшысының орынбасары Ержан Байтілес, «Хабар» агенттігі басқарма төрағасының орынбасары Дәулетхан Жиенқұлов, «Amanat media group» медиахолдингі бас директордың орынбасары Шалқар Қожаев, Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің департамент директоры Зейін Әліпбек бар. Олар үздік жұмыстарды іріктеп, авторлардың еңбегін жоғары бағалады.

Барлығы 5 номинация бойынша 12 жүлделі орын мен 7 арнайы сыйлық берілді. Соның ішінде «Elorda aqparat» ЖШС атынан қатысқан журналистер де бірнеше номинация бойынша жүлделі болды. Атап айтқанда, байқаудың «Баспа басылымындағы үздік мақала» номинациясы бойынша 2-орынды «Вечерняя Астана» газетінің тілшісі Алина Имамбаева, «Интернет-басылымдағы үздік жарияланым» номинациясынан 2-орынды «Elordainfo.kz» ақпараттық порталының тілшісі Дильназ Бауыржанқызы, арнайы жүлдені «Астана ақшамы» газетінің тілшісі Ерасыл Нұрлыбекұлы иеленді. Бұдан басқа, «Үздік телевизиялық материал», «Әлеуметтік желілердегі үздік жарияланым» деген номинациялар болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге брендтік сыйлықтар, дипломдар және ақшалай марапаттар табыс етілді. «Астана Тазалық» ЖШС бұл байқауды жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіп, экология, еңбек адамы туралы жазып, қаланың көркеюіне үлес қосып жүрген журналистердің шығармашылығын қолдауға мүдделі.

ҮЗДІК СЛЕСАРЬ АНЫҚТАЛДЫ

Сервис және туризм колледжінде Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Үздік слесарь-2025» байқауы өтті. Аталған байқау «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы, Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен биыл алғаш рет ұйымдастырылды.



«Биылғы Жұмысшы мамандықтар жылына орай алғаш рет «Үздік слесарь-2025» байқауы жарияланып, техникалық қызмет көрсету мамандықтары бойынша білім алатын студенттердің ішінен үздік автослесарь анықталды. Ондағы мақсат – жастардың жұмысшы мамандықтарға, қоғамда аса көңіл аударыла бермейтін, дегенмен өте қажетті кәсіптерге деген қызығушылығын арттыру, сол арқылы осы мамандықты игеріп жатқан жастарға мотивация беру, қолдау. Мұндай мамандардың қоғамға қажет екенін көрсету» дейді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының маманы Жұмахан Дәуіржан.

Байқауға Сервис және туризм колледжінен бөлек, Құрылыс-техникалық колледжі мен Политехникалық колледжі студенттері қатысты. Сақадай сай дайындалған 10 сайыскер дәлдік, ұқыптылық және техникалық тапсырмаларды шешу қабілетін көрсетті. Айта кетейік, Сервис және туризм колледжінде бүгінде 61 студент автокөлік слесарі мамандығы бойынша оқып жатыр.

№147 (4891) 13/12/2025 Сенбі



КЕЛІСІМ МЕН БІРЛІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін мерейтойлы жыл еліміздегі қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтудың ерекше кезеңі болды. Мемлекет басшысы атап өткендей: «Бірлік пен ынтымақтастық, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік – осы мызғымас қағидаттардың бәрі еліміздің ілгерілеуінің негізін құрайды». Бұл сөздер Ассамблеяның 30 жылдығындағы қызметінің мән-маңызын дәл айқындайды. Жыл маңызды оқиғаларға, кездесулерге, бастамаларға толы болып, «бейбітшілік» пен «келісім» ұғымдарының шынайы мағынасын терең түсінуге мүмкіндік берді. Бұл құндылықтар этномәдени бірлестіктердің, ақсақалдар және аналар кеңестерінің, ғылыми қауымдастық өкілдерінің, шығармашылық ұжымдардың және белсенді жастардың бірлескен еңбегі арқылы күн сайын нығаюда. Осы сан қырлы жұмыстың жүрегі – көптеген жылдар бойы елордалық Достық үйі болып келеді.

Астана тұрғындары үшін елорданың атын абыроймен алып жүру – үлкен мәртебе. Ал этносаралық келісім саласында қызмет ететіндер үшін бұл мәртебе тәуелсіздіктің басты құндылығы – бейбіт өмірді сақтау және нығайту жолындағы зор жауапкершілікпен ұштасады. Жыл бойы елордалық Ассамблея адамдарды ортақ жасампаз мақсаттарға біріктіретін институт ретіндегі мәртебесін сенімді түрде дәлелдеді. Ассамблея бастамалары әлеуметтік, мәдени, білім беру және ағартушылық бағыттарда жүзеге асырылып, халықтың әртүрлі топтарын қамтыды.

Мерейтойлы жыл айтулы іс-шаралардан және Ассамблея ардагерлерін ұлықтаудан басталды. Достық үйлерінде естелік тақталар ашылды. Әр этномәдени бірлестік жыл бойы өтетін мерекелік шаралар жоспарын әзірледі. Елорда Ассамблеясының бірқатар мүшелері этносаралық келісімді нығайтуға қосқан үлесі үшін қоғамдық марапаттар мен мерейтойлық медальдармен наградталды. Бұл – қазақстандық қоғамға деген көпжылдық адал қызмет пен тынымсыз еңбектің жоғары бағалануы.

Жұмыстың негізгі бағыттарының бірі – қайырымдылық қызметі болды. Астана қаласы ҚХА жанындағы «Жомарт жан» орталығы қиын жағдайға тап болған елорда тұрғындарына көмекті жалғастырды. 2025 жылы 16 000 адам қолдау алды, көрсетілген көмек көлемі 63 млн теңгені құрады. Бұл жұмыс жоспарлы және жүйелі түрде жүргізіліп, этномәдени бірлестіктерге тән адамгершілік пен өзара қолдаудың жоғары деңгейін көрсетеді.

Әдеттегідей, қалалық Ассамблея көпұлтты отбасыларға, көпбалалы аналарға, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, ерекше қажеттіліктері бар балаларға және елорда еңбек ұжымдарына ерекше көңіл бөледі. Осы санаттардың әрқайсысына бағытталған қоғамдық маңызы бар жобалар жүзеге асырылып, сенім, әлеуметтік қолдау және өзара түсіністік нығайтылды.

Дәстүр бойынша Достық үйінде Ассамблея ардагерлерін әрдайым құрметтеп, олардың кеңесіне құлақ асып, жоспарлар сол тәжірибелі тұлғалардың ұсыныстарына сәйкес үйлестіріліп отырады. Жыл сайын Қарттар күнінде ардагерлерді құрметтеп, әріптестерімен қауышуға мүмкіндік беріледі. Олар өз тәжірибесін, өмірден түйген дана ойларын көпшілікпен бөлісетін «Ассамблея. Тұлға. Тағдыр» атты бейнероликтер сериясының және «Birlik Talks» подкасттарының кейіпкерлеріне айналды.

2025 жыл Достық үйінің халықаралық деңгейдегі қызығушылық орталығына айналған кезең болды. Оған шетелден мәртебелі қонақтар келді: Израиль Кнессетінің спикері Амир Охана, Франция Ұлттық жиналысының депутаты Бруно Фукс, Румыния мемлекеттік хатшысы Джанина Ситару және Румыния Мәдениет министрлігі мемлекеттік хатшысының орынбасары Ирина Санда Марин Каджал. Бұл сапарлар қазақстандық этносаралық келісім моделінің халықаралық деңгейде зор қызығушылық пен құрметке ие екенін айқын дәлелдеді.

Ассамблея жұмысының маңызды бөлігі – жастар бағытын дамыту. Биыл отансүйгіш, әлеуметтік белсенді жас буынды тәрбиелеуге ерекше жағдай жасалды. Түрлі жобалар арқылы жастар көшбастылық қабілеттерін дамытып, көптілділікті меңгеріп, мәдени бастамалар мен халықаралық бағдарламаларға қатысу мүмкіндігін алды. Бұл – елдің дамуына жауапкершілікпен қарайтын болашақ азаматтарды қалыптастыруға үлес қосады.

Елорда шығармашылық ұжымдары жыл бойы Астананы және жалпы Қазақстанды халықаралық алаңдарда лайықты танытып, этномәдени өмірдің бай палитрасын және жоғары деңгейдегі мәдени қарым-қатынасты паш етті. Олардың фестивальдер мен концерттерге қатысуы мәдени диалогты нығайтып, әлемге көпэтносты қоғамымыздың әсемдігін және алуан түрлілігін көрсетті.

Өз аясын кеңейте отырып, елордалық Ассамблея кәсіпорындарда Еңбек Ассамблея желісін, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды қоғамдық өмірге тарту үшін Инклюзивті Ассамблеяны және Спорттық Ассамблеяны дамытуға кірісті. Жаңа идеялар мен жаңа адамдардың келуі келісім мен татулықты нығайту ісінде жаңа жобалар мен ауқымды нәтижелерге жол ашатыны сөзсіз.

Жыл қорытындысында мерейтой тек есеп беру кезеңі ғана емес, Ассамблеяның біregей қоғамдық келісім институты ретінде дамуының маңызды белесі болғанын атап айтуға болады. Ассамблея жыл бойы Мемлекет басшысы айқындаған тұрақтылықты, әлеуметтік тұтастықты және ұлттық бірегейлікті нығайту бағытын берік ұстанды. Астананың этномәдени бірлестіктері алдағы уақытта да осы міндеттердің жүзеге асуына маңызды үлес қоса отырып, этносаралық диалог пен өзара ынтымақтастықтың негізгі орталығы болып қала береді.

Келер жыл қол жеткізілген нәтижелерді бекітіп, жаңа мүмкіндіктер әкеліп, елордамыздың әр шаңырағында бейбітшілік, келісім және жасампаздық атмосферасын сақтасын. «Татулық – табылмас бақыт» деп халық даналығында айтылғандай, шынайы бақыттың өлшеусіз құндылығы татулық екені сөзсіз!

Есет БАЙКЕН,
Астана қаласы әкімінің орынбасары,
Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары

ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Елорданың Достық үйінде Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық тобы мен жас ғалымдар клубының Тәуелсіздік күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Ғасырлар тоғысындағы Тәуелсіз Қазақстан» атты кеңейтілген отырысы өтті.



Айгүл УАЙСОВА

Іс-шараға Астана қаласы әкімдігінің өкілдері, этномәдени бірлестіктердің, ғылыми-сараптамалық топтың мүшелері, жас ғалымдар және студенттер қатысты. Тәуелсіздік күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын қорытындылауға арналған іс-шараның басты мақсаты – еліміздің Тәуелсіздікке жету жолындағы тарихи кезеңдеріне шолу жасау, этносаралық қатынастар саласындағы өзекті мәселелерді талқылау, сондай-ақ жастар арасында патриоттық сезімді тәрбилеу болып табылады.

Жиынға модераторлық еткен ҚХА Ғылыми-сараптамалық тобының төрағасы Тілеген Садықов Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріне тоқталып, еліміздегі жалпыұлттық бірлікті нығайту мен сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясының үлесін атап өтті. Ол ел жетістігін, саяси-экономикалық жетістігін жиі қайталап айтып отыру қажеттігін, Қазақстанның дербес мемлекет болып әлемдік қауымдастыққа кіргенін ұлт тарихындағы үлкен асу деп көрсетті.

Сарапшылардың айтуынша, мұндай бағыттар тәуелсіздік жылдарында жүріп өткен жолды жан-жақты саралауға, ел дамуының басты бағдарларын айқындауға мүмкіндік береді. Жиынға қатысқан жас зерттеушілер де өз көзқарастарын білдірді. Солардың бірі – Еуразия ұлттық университетінің магистранты Әсем Мухамадиева. Ол Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа қабылдануы тақырыбын зерттеп жүр. Айтуынша, әлемдік аренада Қазақстанның дербес мемлекет ретінде мойындалуы – еліміздің халықаралық саяси аренадағы ең маңызды жетістіктерінің бірі.

Ұйымдастырушылар мұндай кездесулер жас ғалымдардың көзқарасын кеңейтіп, сарапшылармен бірлесе тың ұсыныстар әзірлеуге жол ашады дейді. Жиын соңында қатысушылар пікір алмасып, маңызды бағыттар бойынша нақты ұсыныстар жасады.

Сонымен қатар, халқымыздың мәңгілік құндылығы санаталатын Тәуелсіздігіміз жайлы баяндалып, мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңдері, ұлттық бірлікті нығайту және этномәдени үдерістерді ғылыми сүйемелдеу мәселелері жан-жақты талқыланды.

Іс-шара соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, келелі ұсыныстарымен бөлісті.

Сонымен қатар ғылыми-сараптамалық топтың белсенділеріне алғыс хаттар табыс етілді.

АҒАЛАР АЙТҚАН ӘҢГІМЕ

ҮШ АЛЫППЕН ҚОШТАСУ



Қазақ даласы ежелден асылдың сынығының зері біткенде, адамның асылының демі біткенде топырағына жасырып, бауырына басудан жеріген емес. Біз солай да арғы-бергі тарихымызда талай алыппен қоштастық. Қолына найза ұстаған батырын да, елдің сөзін ұстаған биін де, жүрегіне жыр ұялаған ақынын да ақырғы сапарға шығарып салған сайын халықтың өзі бір сәтке тоқтап, табыттың салмағына қарап тағдырдың салмағын өлшеуден танған емес. Осылайша, кеше бір уыс топырақты Мұхтар Әуезовтің рухына арнап салсақ, енді бірде Мұқағалидың басында дұға оқыдық, Төлеген Айбергеновтің тасында жыр оқыдық. Осылайша әр буын өз алыптарымен қоштасып, әр ұрпақ өз жұлдыздарын соңғы рет көкке шығарып салып келеді. Бұл да қазақтың әруақ сыйлау салтының бір парасы болса керек. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – белгілі ақын Қасымхан Бегмановтың тағдыры да сол дәстүрден алыс емес.

«Жазушылар одағына келген күннен бастап біз де талай ағаны қарсы алып, талай тұлғаны соңғы сапарына шығарып салдық. Біздің буынның үлесіне бір кездері көркем сөздің көшін бастаған Дулат Исабеков, Қадыр Мырза Әлі, Темірхан Медетбек, Исраил Сапарбаев сынды абыздардың соңғы сәттеріне куә болу бұйырыпты» деп бастады әңгімесін ақын, этнограф-ғалым, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов.

Ол өмірдегі өзінің жақсы сыйласқан ағалары турасында әңгімесін сабақтай келіп, Дулат Исабековтің соңғы сапарына тоқталып, «Ол кісі жүрегі тоқтағанша өмірді юморлап, өліммен әзілдесіп жатты» деп еске түсірді.

– Бір күні Дулат аға ауырлап жатыр деген хабар жеткенде, Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов екеуміз жанұшыра үйіне жеттік. Біз барсақ, үйдің алдында екі жедел жәрдем көлігі тұр екен. Есіктен кіре сала Мереке аға:

– Аға, қалайсыз? – деді.

Дулат аға жымиып:

– Жақсымын ғой, жақсымын... Жатырмын, міне, – деді еш алаңсыз.

Жанында Айман, Шолпан деген екі қызы отыр. Бәріміздің көңіліміз алаң. Оның үстіне ол кісі «Еңбек Ері» ғой. Сондықтан жоғары жақтан да «ерекше бақылауға алыңыздар» деген тапсырма берілгені байқалып тұр. Дәрігерлер қайта-қайта айналып келіп демін тыңдап жатты. Сол сәтте Дулат аға өзіне жауапты Людмила Ивановна атты дәрігерге қарап:

– Людмила Ивановна, менің нұрлы болашағым туралы не ойлайсыз? – деп әзілдеді.

– Мұны естіген дәрігер басын төмен салып, үнсіз қалды. Алайда сол әзілдің артында мәңгілікке үнсіздік тұрғанын ол кезде қайдан білейік. Ертеңінде Дулат аға үзіліп кете барды. Біздің оны соңғы рет көргеніміз сол болыпты, – деген Қасымхан Бегманов әрі қарай Қадыр Мырза Әлімен болған соңғы сәттерін де баяндап берді.

«Қадыр аға ауырлап, жедел жәрдеммен кетіп бара жатып, маған телефон соғып:

– Қайдасың, Қасымхан? – деді.

Мен сол тұста Иманғали Тасмағамбет қала әкімі болып тұрған кезде шығарып кеткен ақын-жазушылардың 100 кітабының Астанада өтетін тұсаукесеріне баруға дайындалып жатқанымды айттым. Сонда Қадағаң:

– А-а-а, мен емханаға кетіп барамын. Сен маған үйдің қаймағы, аяққа тәпішке, сүлгі, сабын, жылы шұлық, жеміс-жидек, жеңіл тамақ деген сияқты емханаға керекті заттарды алып келші, – деді.

Мен:

– Жарайды, аға, өзім әкелемін, – дедім де, дереу «Дәстүр» журналының редакциясындағы Сәлия Әбдікәрімоваға хабарласып:

– Барлық жұмысыңды қоя тұр. Қадыр аға ауруханаға түсіпті, тамағын әзірлеп берейік. Күнделікті керек-жарағын жеткізіп тұрайық, – дедім.

Сәлия да еш қарсылықсыз «жарайды» деп келісті. Сөйтіп, ол екеуміз алып-ұшып емханаға жеттік. Келсем, Қадыр аға өз палатасының алдында кілтін құлыпқа сала алмай абыржып тұр екен. Мен дереу жанына жақындап:

– Аға, мен салайын, әкеліңіз, – дедім.

Сонда Қадекең:

– Жап! Құлыпта! Біраз жүріп келейік, – деді.

Дәл сол сәтте орыс дәрігері де арбасын сүйреп жетіп келіп, Қадыр ағаны арбаға отырғызып, палатаға қайта кіргізбек болды. Мен де:

– Аға, жатсаңызшы. Сізге жүруге болмайды, – деп едім, сонда Қадыр аға:

– Енді өмір бойы жүріп келе жатырмын ғой. Келші, екеуміз қатарласып бір жүрейік, – деді. Сонымен екеуміз қолтықтасып, дәліз бойымен ақырын жүрдік. Жүріп келе жатып:

– Ал енді аман бол... Қашан келесің? – деп сұрады.

– Екі-үш күнде келемін, – дедім мен. Сөйтіп мен Астанаға жолға шыққанда, пойыздан түсер-түспестен Қадыр ағаның жары Салтанат апай хабарласып, оның комаға түскенін айтты. Мен дереу күні кеше ғана марқұм болған Мақсат Тәжмұратқа жағдайды айттым. Мақсат Жүнісбек Сұлтанмұратқа, ол кісі Иманғалиға жеткізіп, бәріміз жанталаса көмектескенімізбен, ажалға тоқтау бола алмадық. Қадыр аға содан оянбай кетті» деп күрсінді Қасымхан Бегманов.

Ақынның айтуынша, дәл сондай қасіретті сәт Темірхан Медетбекпен қоштасарда да қайталанған.

«Темірхан аға ауырып жатыр дегенді естіген сайын төраға Мереке Құлкенов екеуміз емханаға жиі бардық. Бір күні Шолпан жеңгеміз хабарласып:

– Дәрігерлер «қоштасатын уақыт келді» деп жатыр. Келесіңдер ме? – деді.

Біз дереу жеттік. Жансақтау бөлімінің алдында адам көп, екі адамнан ғана кіргізеді. Әупірімдеп жүріп бөлмесіне кірдік. Темірхан аға жасанды тыныс алу аппаратына қосулы, беті теріс қарап, денесі сіресіп жатыр екен. Кешегі айбатты Темкең, кезінде Премьер-министрдің орынбасарына «кеңірдегіңді жұлып аламын!» деп шапшыған асау мінезді Темағаң тар төсекте үнсіз ғана жатыр. Көрген бойда жүрегім шым ете түсті. Мереке аға еңкейіп:

– Темке, мен ғой, Мерекемін. Қасымхан да қасымда. Естісеңіз, белгі беріңізші, – деді.

Бір сәт үнсіз жатқан Темірхан аға басын сәл ғана қозғағандай болды, сол сәтте. «Естідім» дегендей белгі берді. Сол қозғалыс – оның өмірдегі соңғы ишарасы. Сәлден кейін-ақ қайран Темағаң мәңгілікке сапар шегіп кете барды» дейді Қ.Бегманов.

Әр алыптың соңғы демінде қасында болған ақын – қазақтың аса талантты ақыны Исраил Сапарбаевтың да ақырғы сәтінде бірге болғанын былай еске алды.

«Тағы бір сыйлас ағамыз – Исраил Сапарбаев. Ол кісімен Шымкенттен бері сырлас боп жүрдік. Өлеңдерін жатқа білетінмін. Соңғы сәтінде Мереке Құлкенов аға бастаған ақындармен бірге бардық. Қасында қызы мен медбикелер қарап отыр екен. Исраил ағам оларға әлсіреген дауысымен:

– Мен қазақ қыздарына қайран қалам! – деп ризалығын білдіріп жатып, ақырын үзілді...» деп еске алды Қасымхан Бегманов.

Жазып алған
Шапағат ӘБДІР

АЛАШ МҰРАСЫН ЖАҢҒЫРТҚАН ҒАЛЫМ



ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси, рухани және ұлттық жаңғыру үдерістерін зерттеу – тарих ғылымының басты бағытының бірі. Бұл салада сүбелі еңбек сіңірген көрнекті тарихшы-ғалым, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор Кеңес Нұрпейісұлының есімі ерекше аталады.

Биыл көрнекті ғалымның 90 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтіп, осыған орай елімізде бірқатар ғылыми іс-шара ұйымдастырылуда. Соның бірі – Астана қаласындағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы ұйымдастырған «Кеңес Нұрпейісұлы – қазақ тарихын зерттеуші ғалым, академик» атты тағылымды дәріс және «Дарабоз тарихшы» атты дөңгелек үстел. Іс-шаралар барысында Кеңес Нұрпейісұлының тұлғалық болмысы, зерттеушілік қарым-қабілеті, ұлт тарихына қосқан үлесі, Алаш қозғалысын зерттеудегі еңбектері кеңінен талқыланды.

Қазақстан тарихының көрнекті зерттеушісі, Алаш қозғалысы мен ұлттық мемлекеттілік мәселелерін терең зерделеген ғалымның ғылыми мұрасы Алаш қозғалысын деректік негізде зерттеудің бастауы ғана емес, тұтас бір ғылыми мектептің қалыптасуына негіз болған. Ғалымның еңбектері қазақтың ұлттық саяси ой-санасының қалыптасуы мен даму жолдарын нақты деректер арқылы зерделеуге бағытталған.

Алаш қозғалысының тарихи мәнін, оның саяси және рухани мұрасын жан-жақты ашып көрсетіп, ұлт тарихының маңызды кезеңін ғылыми айналымға енгізген алғашқы зерттеушілердің бірі. Ғылыми қызметін КСРО тарихындағы ең күрделі және аса маңызды кезеңнің бірі – ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихына арнаған.

Ғалымның тарихи зерттеулерінің басты бағыты – Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің қалыптасу тарихы. Осы тақырыпты ол 1970-жылдардың соңы мен 1980-жылдардан бастап терең әрі жүйелі түрде зерттей бастады. Бұл тақырыпқа келуінің де терең тарихи негізі бар. Бауыржан Момышұлының Алашты зерттеуіне ой салғаны. Қаһарман батыр бір сөзінде: «Сен халық жауының баласы екенсің, бірақ оның ақиқатын тек Алла біледі. Партия мен кеңес тарихын академик Ақай Нүсіпбеков екеуің жазып бітірген шығарсыңдар. Енді Алаштың тарихына барларың қажет, ұлттың шынайы ақиқаты сонда жатыр» деп, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы туралы бастапқы мәліметтер беріп, бағыт-бағдар көрсеткен. Берілген бағыт пен көрсетілген жолдан таймастан Ермұхан Бекмахановтың өмірі мен ғылыми қызметін қазақ тарихының күрделі кезеңдерін зерттеуге арнады. Бекмахановтың бізге жеткен мұрасы – ұлттық тарихтың мазмұнын тереңдететін, шындықты айқындауға бағытталған құнды деректер.

Алаш қозғалысы Кеңес Нұрпейісұлының еңбектерінде ұлттың саяси дербестікке ұмтылысын білдіретін, тарихи әділеттілік пен қоғамдық жаңғыруға негізделген құбылыс ретінде сипатталды.

Кеңес Нұрпейісұлы зерттеуші ғана емес, білікті ұстаз да болған. Көптеген жас ғалымға жол ашып, тарихты жаңаша жазудың методологиясын көрсетті. Жетекшілігімен шамамен 50 кандидаттық және 10-нан астам докторлық диссертация қорғалған. Отандық тарих ғылымының бірнеше буынын тәрбиелеп шығарған. Шәкірттері қазіргі таңда еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде қызмет етуде. Бұл – нағыз ғылыми мектептің үлгісі. Ғалымның еңбектері өткенді саралау емес, бүгінге бағыт беретін рухани бағдар ретінде де бағалы.

2017 жылы Кеңес Нұрпейісұлының туыстары оның жеке кітапханасын – 3193 кітаптан тұратын құнды рухани мұрасын Астана қаласындағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына ресми түрде сыйға тартты.



Бірегей үлгі – ғалымның саналы ғұмырында жинаған ғылыми-танымдық қазынасының айқын көрінісі. Аталған кітап қоры қазақ тарихы, әдебиеті, мәдениеті, философиясы мен техникалық ғылымдар бағытында жазылған сирек еңбектер мен монографияларды қамтиды. Жинақ толықтай кітапхананың электрондық каталогына енгізіліп, қазіргі таңда барлық оқырман мен зерттеуші қауым үшін ашық әрі қолжетімді.

Кітапхана құрылымының жан-жақтылығы ғалымның зияткерлік дүниетанымының кеңдігін аңғартады. Тарихпен шектелмей, әдебиеттану, философия, тіл білімі, техникалық ғылымдар, энциклопедиялық басылымдар мен салалық анықтамалықтарға да ерекше мән берген.

Қор – ғалымның ғылыми қызығушылығы мен көпқырлы танымының дәлелі ғана емес, кейінгі буын зерттеушілер үшін баға жетпес рухани әрі академиялық ресурс.

Өткеннің шежіресі ғана емес, болашаққа бағдар беретін, тарихи танымды тереңдететін баға жетпес ұлттық қазына. Келешек ұрпақ үшін де аса маңызды рухани әрі танымдық ресурс ретінде өз өзектілігін ешқашан жоғалтпақ емес.

Жеке кітап коллекциясының кітапхана қорына тапсырылуы – бір адамның еңбегін сақтау емес, тұтас бір ғылыми дәстүрдің жалғасы. Кітаптардың ашық қорда сақталуы тарихшыларға, магистранттар мен докторанттарға Алаш, кеңестік дәуір, ұлттық қозғалыс секілді тақырыптарды терең зерттеуге мүмкіндік береді. Бүгінде бір отбасының немесе ғылыми шеңбердің аясында сақталып келген дүниелер халық игілігіне айналды.

